Р ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 шілде №5165-23-00-2/1400 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы Б. Байзақтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Nozax» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі О. Изтай

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында екі дана компьютер жиынтығын сатып бойынша 503 328 теңгеге 2023 жылғы 26 сәуірде №38 санды келісім шарты (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай мердігер тауарды 2023 жылдың 16 мамырға дейін жеткізуге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, жауапкер тауарды 2023 жылдың 16 мамырға дейін жеткізуге тиіс болған. Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай тауарды жеткізбеген, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Одан бөлек, Шарт 03 шілде 2023 жылы біржақты бұзылған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін мерзімін өткізіп алғанда кешіктірілген әр күн үшін

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 18.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.08.2023, судья Байтенов С. К., 22.08.2023

орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 503 328 теңге х 0,1% = 16 күнге = 8 053 теңге өндіруді сұраған.

Жауапкердің тауарды жеткізбегені сотта дәлелін тапты.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерден 8 053 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын заңды және негізді деп тауып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Nozax» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Nozax» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 8 053 (сегіз мың елу үш) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 18.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.08.2023, судья Байтенов С. К., 22.08.2023